

Салық салу объектілерінің Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының елді мекендерінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 284 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 желтоқсанда № 5113 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндеттер" (Салық кодексі) Кодексінің 529-бабы 6-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Салық салу объектілерінің Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының елді мекендерінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Уәлиханов ауданының
әкімі

М. Оспанов

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы
әкімдігінің 2018 жылғы "___" _____ № ___
қауылысына қосымша

Салық салу объектілерінің Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының елді мекендерінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 18.11.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Уәлиханов ауданы бойынша		
	Елді мекендердің салық салу объектілері	Аймаққа бөлу коэффициенттері
	Кішкенекөл ауылдық округі, аймақ бойынша:	
1	I	1,65
2	II	1,95
3	III	1,75
	Ақтүйесай ауылдық округі	

4	Ақтүйесай ауылы	1,85
5	Күзексай ауылы	1,45
6	Қондыбай ауылы	1,8
Аманкелді ауылдық округі		
7	Аманкелді ауылы	1,35
8	Тілеусай ауылы	1,7
Бидайық ауылдық округі		
9	Бидайық ауылы	1,7
10	Жамбыл ауылы	1,65
11	Жұмысшы ауылы	1,15
12	Өндіріс ауылы	1,6
Көктерек ауылдық округі		
13	Мортық ауылы	1,85
14	Көктерек ауылы	1,7
15	Қарамырза ауылы	1,05
Қайрат ауылдық округі		
16	Қайрат ауылы	1,6
17	Жасқайрат ауылы	1,6
Қарасу ауылдық округі		
18	Аққұдық ауылы	1,6
19	Золотая Нива ауылы	1,25
Қаратерек ауылдық округі		
20	Қаратерек ауылы	1,6
21	Малқара ауылы	0,95
Құлықөл ауылдық округі		
22	Құлықөл ауылы	1,5
23	Береке ауылы	1,4
24	Қаратал ауылы	1,3
Телжан ауылдық округі		
25	Телжан ауылы	1,85
26	Көбенсай ауылы	1,75
Ақбұлақ ауылдық округі		
27	Ақбұлақ ауылы	1,75
28	Қарашілік ауылы	1,7
29	Жас Ұлан ауылы	1,6